

Қабылдауға құжаттар тізімі

Магистратураға түсетін тұлғалар, қабылдау бөліміне **28 тамызға дейін** келесі құжаттарды тапсырады:

1. Басқарма төрағасы – Ректордың атына өтініш.
2. Жоғары білімі туралы құжат және оның қосымшасы (түпнұсқа және көшірмелері);
3. Жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
4. 3x4 сантиметр өлшемді алты фотосурет;
5. 075/у медициналық анықтамасы, флюорография;
6. Кешенді тестілеу (КТ) сертификаты
-Күнтізбелік жылғы 20 шілдеден 10 тамызға дейінгі кезеңде өткізілген КТ сертификаты күнтізбелік жылғы 1 желтоқсанға дейін жарамды болады.
-Күнтізбелік жылғы 18 қарашадан 11 желтоқсанға дейінгі кезеңде өткізілген КТ сертификаты күнтізбелік жылғы 1 наурызға дейін жарамды болады.
7. Грант туралы сертификат (бар болған жағдайда)
8. Шет тілі бойынша тест тапсырғаны туралы сертификат: (бар болған жағдайда)

ағылшын тілін меңгеру бойынша:

IELTS Academic – шекті балл кемінде – 6.0;

TOEFL IBT – шекті балл кемінде – 60;

неміс тілін меңгеру бойынша::

DSH - B2 деңгейі;

TDF – B2 деңгейі;

француз тілін меңгеру бойынша:

TFI – оқу және тыңдау секциялары бойынша B2 деңгейінен төмен емес;

DELF - B2 деңгейінен төмен емес;

DALF - B2 деңгейінен төмен емес;

TCF – B2 деңгейінен төмен емес.

9. Еңбек қызметін растайтын құжат (еңбек өтілі бар тұлғалар үшін);
10. Ғылыми және ғылыми-әдістемелік жұмыстардың тізімі (бар болған жағдайда).

Осы тармақтың 6 және 7 тармақшаларда көрсетілген құжаттар көшірмелерімен бірге салыстыру үшін олардың түпнұсқалары ұсынылады, салыстыру жүргізілгеннен кейін түпнұсқалары түсушіге қайтарылады.

!!! Барлық құжаттардың электрондық нұсқасын PDF форматында өзіңізде сақтаңыз.

!!! HeRo Study Space университеттің ақпараттық жүйесіне келесі сілтеме бойынша <https://kaznmu.hero.study/> тіркелу керек, тіркелгеннен кейін сауалнаманы толтыру қажет.

!!! Құжаттар тізбесін толық ұсынбаған жағдайда қабылдау комиссиясы түсушіден құжаттарды қабылдамайды.